

Директорлар кеңесі отырысының  
2026 жылғы « 27 » сәуір  
№ 3 хаттамасына  
№      қосымша

БЕКІТІЛДІ

«Алматы» ӘКК» АҚ

Директорлар кеңесінің 2026 жылғы

« 27 » 02 шешімімен

№      хаттама

Күшіне енген күні:

2026 жылғы « 27 » сәуір



**«Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

ІНҚ иесі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
ІНҚ әзірлеушісі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
Данасын сақтауға жауапты тұлға	ІНҚ базасының әкімшісі
Түпнұсқаны қағаз және электрондық тасымалдағышта сақтау орны	ІНҚ базасы
Мониторинг пен өзектендіруге жауапты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
Жаңа ІНҚ қабылдануына байланысты күшін жоятын ІНҚ туралы мәліметтер	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен бекітілген (№ 9 хаттама) «Алматы» ӘКК» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
Келіспеушіліктер хаттамасы	жоқ
Қосымшалар мен беттер саны	ІНҚ 10 парақтан тұрады, қосымшасы 3 парақта

Алматы, 2026 ж.

## Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	3
2-тарау. Терминдер мен анықтамалар.....	3
3-тарау. Саясаттың мақсаты мен міндеттері.....	4
4-тарау. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері.....	5
5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....	5
6-тарау. Саясаттың қолданылу саласы.....	6
7-тарау. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасауға байланысты міндеттері.....	6
8-тарау. Құпиялылық.....	7
9-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы контрагенттермен өзара іс-қимылы.....	7
10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет.....	8
11-тарау. Жауапкершілік.....	8
12-тарау. Қорытынды ережелер.....	8
1-қосымша.....	9
2-қосымша.....	10
3-қосымша.....	11

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ «Алматы» ӘКК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің міндеттерін, қағидаттарын және негізгі бағыттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Саясатты қабылдаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, оның салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру. Саясат ережелері сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға және сыбайлас жемқорлықты мүлдем қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

3. Саясат Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің ашық және адал қызмет жүргізудің жоғары әдеп стандарттарына бейілділігін, корпоративтік мәдениетті жетілдіруді, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін ұстануды және іскерлік беделді тиісті деңгейде қолдауды көрсетеді.

4. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары осы құжатты ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімді түрде орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын жария түрде мәлімдейді, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының контрагенттері мен қызметкерлерінің осы құжаттың талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді, сондай-ақ ақпараттандыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етеді.

5. Саясаттың күші Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұрған барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге, олардың атқаратын лауазымына және орындайтын функцияларына қарамастан, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарымен ынтымақтасатын жеке тұлғаларға қолданылады.

## **2-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

6. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

<b>Терминнің атауы</b>	<b>Терминнің анықтамасы</b>
<b>Корпоративтік әдеп кодексі</b>	Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Корпоративтік әдеп кодексі.
<b>Контрагент</b>	Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының еңбек қатынастарынан басқа шарттық қатынастарға түсетін кез келген Қазақстан Республикасының немесе шетелдік заңды не жеке тұлғасы.
<b>Мүдделер қақтығысы</b>	Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда жеке мүдделілік лауазымдық міндеттерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін.
<b>Сыбайлас жемқорлық</b>	Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік және (немесе) мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осындай игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы оларды параға сатып алу.
<b>Сыбайлас жемқорлық әрекеті</b>	Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерінің сыбайлас жемқорлық белгілері бар немесе оның жасалуына ықпал ететін әрекеті немесе әрекетсіздігі.
<b>Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық</b>	Сыбайлас жемқорлық белгілері бар және заңнамада әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекетсіздік).
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл</b>	Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының басшы қызметкерлері мен қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу, тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.
<b>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі, алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы жүзеге асырылатын қызметі.

### **3-тарау. Саясаттың мақсаты мен міндеттері**

7. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаты – Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғуы мүмкін себептер мен жағдайларды жою.

8. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының міндеттері – Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының тегі сыбайлас жемқорлық әрекеттерін алдын алу, жолын кесу, олардың салдарын азайту немесе жоюға бағытталған шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, оның ішінде:

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінде барлық формадағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікпен сипатталатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру;

- Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылу тәуекелін азайту;

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандарды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету;

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан туындайтын залалды өтеуді қамтамасыз ету;

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау үшін құқықтық механизм құру.

#### **4-тарау. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері**

9. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқық бұзушылықтарды жатқызады, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін әрекеттерді, олар:

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарына қатысты немесе Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының атынан, оның мүддесі үшін мемлекеттік билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, олардың қызметкерлеріне, заңды тұлғаларға және олардың қызметкерлеріне жасалуы;

- Тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы жүзеге асырылуы;

- Мақсатына қарамастан, оның ішінде әкімшілік және өзге де процедураларды жеңілдету, бәсекелік және өзге де артықшылықтар алу;

- Кез келген формада, оның ішінде ақша қаражаттары, бағалы заттар, өзге мүліктік құндылықтар немесе қызметтер, сондай-ақ басқа мүліктік құқықтар түрінде жүзеге асырылуы.

#### **5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

10. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін мынадай қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырады:

- Барлық формадағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік пен қабылдамау (нөлдік төзімділік қағидасы), оның ішінде жарғылық қызметті орындау кезінде, контрагенттермен, мемлекеттік органдар мен саяси партиялар өкілдерімен, қызметкерлерімен және өзге тұлғалармен өзара әрекеттесу кезінде;

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының басшылығының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы жеке үлгісі және ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жүйесін құру;

- Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту;

- Жемқорлыққа қарсы рәсімдердің сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сәйкес келуі;

- Бизнестің ашықтығы (контрагенттер, серіктестер, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы хабарлау, мемлекетпен, серіктестермен және контрагенттермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде ынтымақтастық);

- Адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын мойындау, қамтамасыз ету және қорғау;

- Зандылық;

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандар үшін жауапкершіліктен қашпайтын түрде қолдану;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды басымдылықпен қолдану.

## **6-тарау. Саясаттың қолданылу саласы**

11. Саясат мына тұлғаларға қолданылады:

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының барлық қызметкерлеріне;

- Контрагенттерге және келісім-шарттарында немесе ішкі құжаттарында тиісті міндеттемелер белгіленген өзге тұлғаларға.

12. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының барлық қызметкерлері осы Саясатқа сүйене отырып, оның талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

13. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының барлық қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа әкелуі мүмкін әрекеттерге қатысуға, өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік немесе жеке пайда алу үшін немесе басқа тұлғаларға заңсыз пайда беру мақсатында әрекет жасауға тыйым салынады.

## **7-тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасауға байланысты міндеттері**

14. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасауға байланысты міндеттері:

1) Тыйым салынған іс-әрекеттерден аулақ болу, оның ішінде:

- Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының мүддесі немесе атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға немесе оған қатысудан;

- Қызметкерлердің сыртқы бақылаушыларына Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының мүддесі немесе атынан сыбайлас жемқорлыққа қатысуға дайын екендігін көрсетуі мүмкін мінез-құлықтан;

2) Бірінші басшы мен комплаенс-офицерге:

- Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туралы;

- Қызметкерге белгілі болған басқа қызметкерлер, контрагенттер немесе өзге тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалу фактілері туралы;

- Қызметкерде мүдделер қақтығысы туындау мүмкіндігі немесе туындаған жағдай туралы хабарлау.

15. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың әрқайсысымен еңбек келісімшартын жасасқанда, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қағидаларын және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау міндеттемесі (келісім) қол қойылады.

## **8-тарау. Құпиялылық**

16. Құпиялылық сыртқы – ақпаратты сыртқы ортаға жарияламау шарты, және ішкі – қызметкерлер арасында деп ажыратылады.

17. Ақпарат үш категорияға бөлінеді:

1) Құпия емес немесе ашық – Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішінде де, сыртында да қолдануға арналған;

2) Қызметтік пайдалану үшін – тек Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ішінде қолдануға арналған;

3) Құпия немесе шектеулі қолжетімді ақпарат – тек арнайы уәкілетті Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері қолдануға арналған және толық көлемде немесе бөлікте басқа қызметкерлерге беруге арналмаған.

18. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері сыртқы және ішкі құпиялылықты қатаң сақтауға және ақпарат категориясын дұрыс анықтауға міндетті.

## **9-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы контрагенттермен өзара іс-қимылы**

19. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын және Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясатын қолдайтын контрагенттермен іскерлік қатынастар құруға ұмтылады.

20. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының контрагенттердің сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелін азайтуға ақылға қонымды шаралар қолданады, оның ішінде: контрагенттердің парақорлыққа төзімділігін бағалау, олардың өз сыбайлас жемқорлыққа қарсы процедуралары немесе саясатының болуын тексеру, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясат талаптарын орындауға дайын болуын анықтау, сондай-ақ іскерлік әдеп пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара қолдау көрсету.

21. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының контрагенттермен қаржылық қызметтің ашықтығын жариялайды және әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік қағидаттарын, мемлекеттік сатып алулар процесінің ашықтығы мен жариялылығын қолдайды.

## **10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі**

22. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі бағыттары:

1) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай саясат жүргізу және сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа теріс көзқарас қалыптастыру;

2) Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу;

3) Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту, ақпараттандыру және кеңес беру (сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттармен таныстыру, оқыту іс-шараларын өткізу, қызметкерлерге жеке консультациялар ұйымдастыру);

4) Контрагенттермен өзара әрекеттесу кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын іске асыру;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтармен өзара әрекеттесу.

## **11-тарау. Жауапкершілік**

23. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының қызметкерлері, атқаратын лауазымына қарамастан, Саясаттың қағидаттары мен талаптарын

сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікті өз мойнына алады.

### **12-тарау. Қорытынды ережелер**

24. Саясат Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

25. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда немесе Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары Саясатының тиімсіз ережелері анықталған жағдайда, сондай-ақ басқа да жағдайларда, жоғарыда келтірілген бекіту тәртібіне сәйкес Саясат қайта қаралып, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертудің формасы мен мазмұны**

1.1. «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының ) келісімшарттағы екінші тарапты Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қағидағтары мен талаптары (бұдан әрі – Саясат) туралы хабардар етеді. Келісімшартты жасау арқылы екінші тарап Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясатымен танысқанын растайды. Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау және өз қызметкерлері арқылы сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ келісімшарт мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілер мен шетелдік мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

2. Келісімшарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады: пара беру немесе алу, коммерциялық паракорлық немесе тарап қызметкерінің өз қызметтік мәртебесін заңсыз пайдалану арқылы тарап мүддесіне қарсы әрекет жасау, оның ішінде ақша, бағалы заттар, сыйлықтар, мүліктік немесе қызметтік сипаттағы басқа да игіліктерді алу, өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік құқықтар алу, сондай-ақ басқа жеке тұлғалар арқылы көрсетілген игіліктерді заңсыз алу (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар). Бұл құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының немесе екінші тарап қызмет ететін/іскерлік жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес анықталады.

3. Егер тарап сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың болған немесе болуы мүмкін деген негізді күдікті жағдайда болса (мысалы, екінші тарап қызметкеріне қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс бойынша қылмыстық іс қозғалғаны немесе басқа сенімді ақпарат белгілі болғанда), тарап бұл туралы басқа тарапқа тиісті фактілерді көрсетіп, жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Жауап ретінде екінші тарап бұл растаманы хат алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынуы тиіс.

4. Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың болғаны туралы сенімді ақпарат алған жағдайда, анықталған фактілерді құжаттық тіркеу үшін ішкі қызметтік тексеру жүргізеді және тексеру нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылданады.

*«Алматы» ӘКК» АҚ-ның және  
оның еншілес әрі тәуелді  
ұйымдарының Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы саясатына  
№2 қосымша*

Бұл форманы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өз мойнына алатыныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған растама формасы еңбек және/немесе қызметтік міндеттерді орындау күнінен бастап «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі-Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары) қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім формасы**

Мен,

(тегі, аты, әкесінің аты) \_\_\_\_\_

(лауазымы) \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын, Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясатын сақтау және өз өкілеттілігімді жеке, топтық немесе басқа қызметтік емес мүдделерде қолдануға әкелуі мүмкін әрекеттерді болдырмау мақсатында келесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өз мойныма аламын:

1. Өз функцияларын орындауға сәйкес келмейтін қызметпен айналыспау;
2. Лауазымды тұлғалардың бір бөлімде өз туыстарымен (ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынған балалар, толық және жарты бауырлар, атасы, әжесі, немерелер), жұбайы мен туыстарымен (жұбайының бауырлары, ата-анасы, балалары) қатар қызметте болуына жол бермеу; егер бөлімдер әртүрлі болса – лауазымдардың функционалды (іскерлік процестер бойынша) байланысы туыстарының лауазымдарына сәйкес болмауы;
3. Ресми жарияланбаған ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер алу үшін пайдаланбау;
4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттерді орындау кезінде сыйлық қабылдауда шектеулерді сақтау.

*«Алматы» ӘКК» АҚ-ның және  
оның еншілес әрі тәуелді  
ұйымдарының Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы саясатына  
№3 қосымша*

Бұл форманы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) адал түрде орындауға және қатаң сақтауға міндеттенетініңізді растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған растама формасы еңбек және/немесе қызметтік міндеттерді орындау күнінен бастап «Алматы» ӘКК» АҚ-ның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі-Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары) қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз:

- Мен Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясатымен танысқанымды растаймын;
- Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясаты талаптарын қатаң сақтауға міндеттенемін;
- Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын немесе Қоғам және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының Саясатын бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылатынымды, оның ішінде заңнамада көзделген тәртіппен қызметтен босатылуы мүмкін екенімді білемін.

**Қолы:** \_\_\_\_\_

**Аты-жөні:** \_\_\_\_\_

**Лауазымы:** \_\_\_\_\_